


- **Толеранттылық**- бұл бейбітшілік, сүйгіштік, этникалық, діни, саяси конфессионалдық, тұлғааралық әралуандыққа төзгіштік, “басқаның” теңқұқылы қатар өмір сүруін мойындау.

- Толеранттылық - адамның жан - жақты құқықтары мен негізгі бостандықтарын мойындау негізінде қалыптасқан белсенді қарым - қатынас. Жекелеген адамдар, топтар және мемлекеттер толерантты болулары керек.

- “Толеранттылық” сөзі ең алғаш рет 1361 жылы ұғым ретінде пайда болған деп, француз филологы, педагогы Пьер Ларусстың энциклопедиялық еңбегінде жазылған.




- **1995 жылы 19 қарашада ЮНЕСКО-ның бас конференциясының шешімімен Толеранттылық ұстанымдарының декларациясы бекітілді.**



Неміс суретшісі Хельмут Лангер
Толеранттық эмблемасын жасады.



- **Белгілі педагог-ғалым В.С.Кукушин толеранттылық қалыптастырудың басты бағыттары деп төмендегілерді көрсетеді**

- 
- Халық және адам құқы мен еркіндігі, нәсіл және діни конфессиялар туралы ғылыми білімдер жүйесімен таныстыру;
 - Жалпы адамзаттық және азаматтық сезімдер мен сана қалыптастыру;
 - Түрлі ұлт және дін өкілдерімен қарым-қатынас мәдениетін дамыту;
 - Өркениетті әлемде миграцияның үздіксіз тарихи үрдіс екенін түсіндіру

Ғалымдардың зерттеуі бойынша оқушылар толеранттылығының қалыптасуының 4 деңгейі белгіленген:

- интолеранттылық деңгейі жоғары
- интолеранттылық деңгейі жоғары емес
- толеранттылық деңгейі жоғары
- толеранттылық деңгейі жоғары емес



- **Интолеранттылық деңгейі жоғары** – басқа мәдениет өкілдерін саналы түрде түсінбеу және қабылдамау.

Ол сырт көрінісі басқа немесе өзге құндылықтар иелерінің тең құқықтылығын түсінгісі келмейді.

- **Интолеранттылық деңгейі жоғары емес** – мәдениет өкілдерінің құқықтарын сөз жүзінде мойындайды, адамдардың діни, нәсілдік, мәдени, ұлттық ерекшеліктеріне қарамай тең құқықты өмір сүруі қажет деген ұстанымды айтады, бірақ сонымен қатар жекелеген әлеуметтік топтарға жағымсыз қатынасын ұстайды.

- **Интолеранттылық деңгейі жоғары емес** – мәдениет өкілдерінің құқықтарын сөз жүзінде мойындайды, адамдардың діни, нәсілдік, мәдени, ұлттық ерекшеліктеріне қарамай тең құқықты өмір сүруі қажет деген ұстанымды айтады, бірақ сонымен қатар жекелеген әлеуметтік топтарға жағымсыз қатынасын ұстайды.

- **Толеранттылық деңгейі жоғары емес** – мәдени плюрализмді мойындайды және түсінеді, түрлі әлеуметтік топтарға деген құрметпен келіседі, бірақ солай бола тұра, өз бетімен күнделікті өмірдегі, әсіресе жабық түрдегі мәдени дискриминация құбылысын көруге қабілетті емес.

- **Толеранттылық деңгейі жоғары** – басқа мәдениетті, адамдардың басқа өмір салтына, өз көзқарастары мен құндылықтарын еркін көрсетуге деген құқықтарын мойындайды

- Толеранттылық деген сөзге қоғамдық өмірге байланысты жалпылама мынандай түсінік қалыптастыруға болады.
- Толеранттылық – бұл жергілікті халықтың басқа ұлт өкілдеріне және басқа діндегі адамдарға түсіністікпен қарап, оларды қудаламауының белгісі. Жалпы толеранттылық өркениетті қоғамға тән құбылыс. Бұл – халықтың сана-сезімінің, дәстүрінің, рухани байлығының кемелденгенінің айқын көрінісі.

- Мемлекет құраушы халық ретінде қазақ халқы елдегі этносаралық бірлік пен келісімнің сақталуына қалай жауапты болса, басқа этностар да мемлекеттің алдында өз жауапкершілігін соншалықты сезінуі қажет деген қорытындыға келеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

- http://mpb.kz/up/files/zhastarga_toleranttyk_tarbie_beru.pdf
- <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A1%D0%BE%D0%B8%D0%B5%D0%80%D0%B9%D0%B0%D1%82%D1%82%D1%8B%D0%B8%D1%8B%D1%98>
- <http://e-history.kz/ru/contents/view/1730>

Назарларыңызға
рахмет!!!

